

Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 343, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 26 сәуірдегі N 350 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1541. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 658 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 01 қыркүйектегі № 373 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2010.08.20 № 658 және ҚР Ішкі істер министрінің 2010.09.01 № 373 бірлескен бұйрығымен.

"Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Z970096_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңын және Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің K970167_ медициналық сипаттағы шараларға қатысты бөлігін және осы міндеттерді кешенді түрде орындау мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу жөніндегі Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау мен ішкі істер органдарының өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру туралы ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің (басқармаларының) және Қазақстан Республикасы облыстық, қалалық ішкі істер органдарының бастықтары:

1) медициналық және сәйкесті ішкі істер органдарына қатысты бөлімшелердің қызметкерлері осы бұйрықпен қоса ұсынылған ережені оқуды ұйымдастырсын, оның бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін;

2) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдармен жұмыста денсаулық сақтау мен ішкі істер органдарының өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етсін, сонымен қатар қызметтік міндеттерін атқаруда азаматтардың денсаулығы туралы деректерді таратпауды, олармен әдепті, адамгершілік қатынас жасауды

қ а м т а м а с ы з

е т с і н ;

3) психикалық аурулардан зардап шегуші адамдардың қоғамдық қауіпті іс-әрекеттері туралы деректерді тексеру жүргізілсін, оларды жасаудың себептері белгіленсін, бұл адамдармен бұрын өткізілген емдік, әлеуметтік-оңалту шаралардың тиімділігіне баға берілсін, кінәлі адамдарға шара қолдансын, анықталған кемшіліктер жойылсын.

3. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) жетекшілері:

1) психикасының бұзылуынан зардап шегуші аурулардың қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу, ол адамдарды анықтау, оларды қатаң түрде бақылау және емханалық ем жүргізу, уақытылы ауруханаға жатқызу жөніндегі психиатриялық, психоневрологиялық және наркологиялық мекемелердің жұмыстарын бақылау жүргізілсін;

2) психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды қадағалау, емдеу, әлеуметтік-еңбек оңалту әсіресе қоғамдық қауіпті үрдісі бар жағдайларда оларға құқықтық көмек көрсету бойынша ауруханалардан тыс және емханалық ұйымдардың жұмыстарында бір ізділікті қамтамасыз етсін;

3) заңдылықты бұзып, психикасында бұзылу бар, қоғамдық қауіп төндіретін адамдарды ауруханадан шығаруға тиым салсын;

4) еңбек қабілетін жоғалтқан адамдарға дер кезінде мүгедектік тағайындалуын, тұрақты мекен-жайы жоқ ауруларды психикасының бұзылуынан зардап шегуші және әлеуметтік байланысты жоғалтқан адамдардың жатақханаларына жіберуді, психоневрологиялық интернаттарға жіберу және қамқор көрсету үшін құжаттарды рәсімдеуге, ішкі істер органдарымен бірігіп ауруларды қажетті құжаттармен қамтамасыз етуге бақылау қойылсын.

4. Мәжбүрлі емдеуде жүрген және еріксіз тәртіппен ауруханаға жатқызылған психиатриялық ауруханалардан қашып кеткен науқастар туралы ақпаратты денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары аумақтық ішкі істер органдарына уақытында жіберіп тұру міндеттелсін. Ауруханадан өзі қашып кеткен адамдардың шығарылуына тыйым салынсын.

5. Ішкі істер органдарының басшылары:

1) психикасында бұзылу бар адамдарды еріксіз ауруханаға жатқызуды жүзеге асыру, олардың қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алу мәселелері жөнінде ішкі істер органының сәйкес бөлімшелері қызметкерлерінің құрамымен сабақ жоспарлансын және өткізілсін;

2) психикасының бұзылысынан зардап шегуші адамның зиянды іс-әрекетіне көңіл аударсын және денсаулық сақтаудың мекемелеріне, ішкі істер органдарына қоғамға қауіпті іс-әрекет жасау мүмкіндігі туралы ақпаратты уақытылы х а б а р л а с ы н .

Еріксіз ауруханаға жатқызу кезінде медицина қызметкерлерге көмек көрсету үшін "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" U952707_ заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, азаматтардың құқықтары мен олардың қауіпсіздігін қатаң қорғауға кепілдік беретін ведомстволық нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынсын;

3) психикасы бұзылған адамдар жасаған қылмыстардың әрбір деректері бойынша алдын-ала тергеу жүргізісін; Осындай іс-әрекеттер жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтасын және белгіленген тәртіппен тиісті органдар мен ұйымдарға кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізісін.

6. Ішкі істердің көші-қон полиция бөлімшелері:

1) психиатриялық және психоневрологиялық ұйымдардың өтініші бойынша психикасы бұзылған адамдарды, оларда жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, құжаттауды, сондай-ақ оларды тұратын жері бойынша т і р к е у д і ;

2) тергеу изоляторының тұрған жері бойынша онда жатқан психикасының бұзылуы бар, жеке басын куәландыратын құжаты жоқ, қылмыстық жауапкершіліктен босатылған және медициналық сипаттағы шараларды қолдану үшін психиатриялық ауруханаларға ауыстырылған адамдарды құжаттауды ж ү р г і з с і н .

7. "Психикасы бұзылған адамдардың қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 530 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 409 б ұ й р ы ғ ы ж о й ы л с ы н .

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру мен сапасын бақылау департаментіне және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Төрағасы	генерал-майор	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - Ішкі әскерлер қолбасшысы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі		Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і н і н
2001 ж. сәуірдегі 18 N 3 4 3 бұйрығымен бекітілген		2001 ж. сәуірдегі 26 N 3 5 0 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау мен ішкі істер
органдарының психикасы бұзылуынан зардап шегуші адамдардың
қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу жөніндегі
өзара бірігіп жасайтын іс-қимылдарын
ұйымдастыру туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қалыптасқан, ауыр түрде немесе жиі өршіп білінетін, ұзақ созылмалы психикалық аурумен ауыратын, қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерге бейім, сонымен қатар сот психиатрға мәжбүрлеп емдеуге, ауруханада қадағалауға бағыттаған адамдар психоневрологиялық диспансерде қатаң (диспансерлік бөлімшеде, кабинеттерде) бақылауда болулары керек.

Бұл адамдардың диспансерлік бақылау жөніндегі тексеру карталары (030-1/у) психоневрологиялық диспансердің жалпы картотекасында болады, бет жағының жоғарғы бұрышында "ҚДҚ" (қатаң диспансерлік қадағалауда), МЕ (мәжбүрлеп емдеуде) деген таңба және түрлі-түсті белгі қойылады, немесе осы таңбамен б о л е к б е л г і қ о й ы л а д ы .

2. Қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерге бейім, психикасы бұзылған адамдар тобына қосу, сонымен қатар олардың қатарынан шығару жағдайлары туралы нақты шешімді дәрігер-психиатрлар комиссиясы психиатриялық стационарлардың медициналық құжаттарының және психоневрологиялық диспансердегі дәрігерлерден алған деректер негізінде шығарады.

3. Осы ереженің 2 тармағында көрсетілген комиссияға:

1) қылмыстық жауапкершіліктен босатылған немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлі түрдегі шаралар қолдану арқылы жазаланған, бұрын қылмыстық заңдылықпен қарастырылған қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер жасаған;

2) психикалық бұзылысы анықталғанға дейін қылмыс жасағаны үшін ж а з а с ы н ө т е п ш ы қ қ а н д а р ;

3) аурулардың психикалық бұзылыстарының құрамына қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді жасауға бейімділігі бар (императивті елестетушілік, сандырақтың кейбір түрлері, құштарлық патологиясы мен белсенділігі жоғары іс-әрекеті бар есалаң тәрізді және т.б.) белгілері кіретін, сонымен қатар бұрын еріксіз а у р у х а н а ғ а ж а т қ ы з ы л ғ а н ;

4) қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасағанына қарағанда ақылынан ауысқан деп саналған, оған байланысты психозы үдеген, психикалық бұзылыстың орташа білінетін түрінен зардап шегуші адамдар жіберіледі.

4. Психиатрдың қатаң бақылауын және емдеуін қажет ететін топқа енгізілген психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды психоневрологиялық диспансердің дәрігер-психиатры айына кем дегенде бір рет тексереді.

5. Психикасы бұзылған адамдарды психиатриялық ауруханаларға

жатқызғанда, бір ауруханадан екіншіге ауыстырғанда немесе диспансерлік қадағалау үшін психоневрологиялық ұйымдарға жіберетін кезде, жіберіп отырған ұйым ол адамдардың қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасауға бейімдігін немесе емханадағы психиатрда мәжбүрлеп емдеуде жүргені туралы қабылдаушы мекемеге міндетті түрде хабарлайды. Медициналық құжаттарға кіретін деректерге қосымша ауру туралы мынадай мәліметтер жіберіледі: негізгі синдром; ауру ағымының түрі; психопатологиялық механизмі, қоғамдық қауіпті іс-әрекетінің сипаты мен олардың қайталануы; оларды жасауға мүмкіндік туғызатын немесе кедергі болатын өзіндік және жағдайлық факторлары; осы кезеңде өткізілген емдеу-оңалту шаралары мен олардың тиімділігі; қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді болдырмау үшін ұсынылатын шаралар.

6. "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес психикасының бұзылуынан зардап шегуші және өзінің психикалық күйіне байланысты өзіне және қоршаған ортаға қауіп төндіретін адамдар психиатриялық ауруханаға өзінің келісімінсіз және оның заңды өкілінің келісімінсіз дәрігер-психиатрдың шешімі бойынша ауруханаға жатқызылуы мүмкін, ол туралы туыстарына немесе прокуратура органдарының заңды өкіліне жедел х а б а р л а у к е р е к . К 0 9 0 1 9 3

Психикасының бұзылыстарынан ауыратын, өзіне немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін адамдарды ауруханаға жатқызу үшін үйінен алып кетерде ауру немесе оның туысы қарсылық көрсетеді деген болжам негізі болса, психоневрологиялық диспансердегі жедел психиатриялық көмектің қызметкерлері ауру тұратын аймаққа қызмет көрсететін ішкі істер органдарынан к ө м е к с ұ р а й д ы .

Ішкі істер органының бастығы, оның орынбасары психиатриялық қызметтің жұмыскерлері өтініш жасаған кезде көрсетілген уақытта (қажет болғанда - тез арада), белгіленген адрес бойынша медициналық қызметкерлерге көмектесу үшін ішкі істер органы қызметкерінің келуін қамтамасыз етеді.

7. Еріксіз ауруханаға жатқызу психиатриялық қызметкерлерге жүктеледі.

8. Ішкі істер органының қызметкерлері ауруханаға жату керек адамдарды іздеуді және оларды ұстау кезінде көмектесуді, адамдарды ауруханаға жатқызу немесе оларды қарау үшін қауіпсіз жағдайды жүзеге асырады, ол адамдарды ауруханаға жатқызу үшін кедергі жасайтын азаматтардың заңға қарсы іс-әрекеттеріне т о қ т а у ж а с а й д ы .

9. Аурудың бас салуда пайдаланатын заттарын тартып алу үшін Ішкі істер органының қызметкерлері медицина қызметкерлерімен бірлесіп оны жеке м і н д е т т і тү р д е т е к с е р е д і .

10. Туыстары жоқ немесе жеке тұратын ауруларды ауруханаға жатқызуда

ішкі істер органының қызметкерлері олардың мүліктерін сақтау жөнінде шаралар қ о л д а н а д ы .

2. Психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдардың қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу жөнінде денсаулық сақтау және ішкі істер органдары өзара жасаған іс-қимылдарының тәртібі

11. Психоневрологиялық мекеме.

1) Психикасы бұзылған, қатаң диспансерлік бақылауда, емханалық психиатрдың мәжбүрлеп емдеуінде және қадағалауында жүрген адамдардың тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына мынадай ақпараттарды жібереді:

қатаң диспансерлік қадағалауда тұрған және емханалық психиатрдың мәжбүрлеп емдеуінде жүрген адамдардың тізімін жыл сайын қаңтардың 20-на д е й і н ;

қатаң диспансерлік бақылауда немесе емханалық психиатрдың бақылауында және мәжбүрлеп емдеуінде жүрген психикасы бұзылған адамдардың мекен-жайының өзгеруі туралы, сондай-ақ тіркеу орнында оның ұзақ уақыт болмауы туралы деректерді;

қатаң диспансерлік бақылау тізіміне қайта алынғандар, емханалық психиатрдың мәжбүрлеп емдеуіне және қадағалауына алынған және одан шығарылған адамдар туралы, сәйкес шешім қабылданғаны жөнінде мәліметтерді.

2) Ішкі істер органдарынан психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамның қылмыстық жазаға тартылатын іс-әрекеттер, әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы немесе қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасауына себеп болатын ерекше мінез көрсеткендігі туралы, сондай-ақ мінез-құлқынан психикалық бұзылысы бар екендігі анық көрініп тұрған және соның салдарынан қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер жасауы мүмкін адамдар туралы хабарды алған соң, ондай іс-әрекеттердің дереу куәландырылуын қамтамасыз етеді (қажет болған жағдайда аталған адамдарды ұстаған ішкі істер бөлімшесіне барып) және жедел ауруханаға жатқызу қажеттігі туралы мәселені шешеді.

12. Психиатриялық аурухана, психоневрологиялық диспансер.

1) Жүйкесі ауыратын адамның жеке басын куәландыратын құжат болмаған (егер ол медицина мекемелеріне белгісіз болса), немесе құжаттың аурудікі екеніне күдік туған жағдайда, сондай-ақ психикалық күйіне байланысты өзі жайлы ештеңе айта алмайтын аурудың келіп түскені туралы бір тәуліктің ішінде аймақтық ішкі істер органына хабарлайды.

2) Психиатриялық ауруханадан қашып кеткен, қоғамдық қауіпті

іс-әрекеттерге бейім ауруларды (мәжбүрлеп емдеуде жүргендерді қоса санағанда) іздеуге және қайтаруға шаралар қолданады, ол туралы:

психиатриялық аурухана бар аймақта қызметтегі ішкі істер органына, сонымен қоса қашып кеткен адам (оның толық сауалнама мәліметтерін, белгілерін, ерекше белгілерін, киімін, қашқынның және оның туыстарының, заңды өкілінің мекен-жайын көрсетіп) тұратын аймақтың ішкі істер органына;

аурухана тұрған аймақтың тұрғындарына ауруханадан тыс (сонымен қоса жедел), сол сияқты қашып кеткен адам тұратын аймақта психиатриялық көмек беретін, психиатриялық куәландыру және ауруханаға жатқызу үшін емдеу-алдын алу мекемелеріне хабарлайды.

Қашқан ауру табылған (ұсталған) жағдайда психиатриялық аурухананың, психоневрологиялық диспансердің әкімшілігі мен ішкі істер органы іздеу шараларын тоқтату туралы ақпаратпен өзара алмасуын қамтамасыз етеді.

3) Психиатриялық диспансер аурудың тұратын жеріндегі ішкі істер органдарына, оның туыстары мен заңды өкіліне аурудың еріксіз ауруханаға жатудан немесе мәжбүрлеп емдеуден шығатыны туралы хат немесе жеделхат түрінде хабар жібереді.

13. Ішкі істер органы.

1) Психоневрологиялық диспансерге диспансерлік қатаң қадағалаудағы және емханада психиатрдың қатаң бақылауында және мәжбүрлеп емдеуінде жүрген жүйкесі тозған адамдар туралы ақпараттарды мына жағдайларда:

олар қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасағанда, қылмыстық іс қозғалғанда, ұсталғанда, қамауға алынғанда;

олар әкімшілік заңды бұзғанда;

олардың мінез-құлқында қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасайтын мүмкіндіктер анықталған және оларды куәландыру қажет болған жағдайда;

олар мекен-жайын ауыстырғанда (ондай хабарды аурудың жаңа мекен-жайындағы ішкі істер органына хабарлайды).

2) Психикасы бұзылған адамдар жайлы аталған хабарлар оған қылмыстық іс қозғалған, ұсталған, ол қамауға алынған, әкімшілік құқық бұзған кезден тұратын жерінен есептен шыққан сәттен кейін үш күндік мерзім ішінде психоневрологиялық диспансерге хабарланады. Мұндай адамдардың қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасау мүмкіндігін куәландыратын мінез-құлық ерекшеліктері болған жағдайда және оны куәландыру қажет болғанда хабар тез арада жеткізілу керек.

3) Психиатриялық ауруханаға (бөлімшеге) аурудың жеке басын куәландыратын құжатсыз немесе оның аурудікі екеніне күдік туған жағдайда, сондай-ақ жүйкесі ауыратын науқас денсаулығына байланысты өзі туралы мәліметтер бере алмаса, ішкі істер бөлімі оның кім екенін анықтау шараларын

қ о л д а н а д ы .

4) Қатаң диспансерлік бақылауда, емханалық мәжбүрлеп емдеу мен қадағалауда жүрген психикасы бұзылған адамдардың мекен жайын өзгерту, тіркелген жерінде ұзақ уақыт болмауы туралы мәліметтерді психоневрологиялық диспансерден алған соң ішкі істер органы дереу олардың қайда екенін анықтаумен айналысып, олардың қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерінің алдын алу шараларын қолданады. Ішкі істер органы осы адамды анықтағаны туралы психоневрологиялық диспансерге хабарлайды.

Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.